

ӨОЖ 329:316.652.2

Э.Б. Асылтаева

Азаматтық бірегейлік мемлекеттің берік негізі ретінде

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Бұл мақалада мемлекеттің тұрақтылығының негізі ретінде азаматтық бірегейліктің негізгі мәселелері мен орны талқыланған. Автордың пайымдауынша, азаматтық бірегейлік демократияның кепілі болып азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының негізі табылады. Дамыған және тәуелсіз азаматтық қоғам мемлекеттік институттар жүйесі мен тиімді нарықты экономикамен қатар демократиялық қоғамның өмір сүруінің мемлекеттік қажетті шарты болып саналады. Азаматтық қоғамның пайда болуына адам құқықтарының өзі себеп болады. Осыдан шығатын қорытынды – азаматтық қоғам адамнан бастау алады. Тұлғаға өзінің түрлі мүдделерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Бұл – азаматтық қоғамның басты көрсеткіші. Онда адам мемлекет үшін емес, керісінше, мемлекет адам үшін өмір сүреді.

Түйін сөздер: мемлекет тұрақтылығы, азаматтық бірегейлік, азаматтық қоғам, демократия.

Мемлекетті анықтаудың дәстүрлі әдісі марксистік теорияға негізделеді. Мемлекетке анықтама берудегі таптық түсініктемені шеттете отырып, басты назарды мемлекетті ұйым ретінде қарастыратын маркстік мектепке аударайық. Бұл жағдай принципіалды маңызға ие, себебі билікке ие болған мемлекет бұл орайда қоғамнан алшақ, сонымен қатар мүлдем қарама-қарсы болады: «Биліктің бұл ұйымдастырылуы қоғамға қарама-қарсы. Сондықтан да, мемлекеттің негізгі көрсеткіші болып қоғамға қарсы шығатын күш ретінде қарастыралатын ресми билік табылады» [1]. ХХ ғасырдың 70-ші жылдарындағы маркстік зерттеудің тағы да бір жұмысы мемлекет феноменін түсіндіретін әдістерді төменгідей қорытындылайды: «Мемлекет – бұл негізгі өндіріс құралдарын иемденушілерінің ортақ мүдделерін қамтамасыз ететін және қорғайтын егеменді ресми биліктің таптық саяси ұйымы. Бұл ұйым экономикалық құрылым болуымен сипатталады және тарихи өтпелі болып табылады» [2]. Сипаттаудың бұл әдістері мен анықтамалары мемлекетті түсіндіруде әлеуметтік немесе мәдени интерпритацияларға емес, көбіне құқыққа қатысты болып отыр. Дегенмен, мемлекетті маркстік әлеуметтік теорияда түсіндіруге барынша негіздері бар. Осыдан кейбір түсінбеушіліктер орын алған: мемлекетті осындай тұрғыда түсіндіру қоғамнан алшақтанған ұйым немесе аппарат емес, қоғам болмысының әмбебап әдісі болып табылатын кеңестік қоғамға қарағанда қазіргі кезеңдегі Қазақстан үшін аса өзекті болып табылады.

Қоғамнан тек қана алшақтаған емес, қоғамнан тыс өмір сүретін, сонымен қатар оған қарама-қарсы тұратын мемлекетке тек қана орган ретінде қарау қоғамға бағынушы рөлін ойнауды ұйғарады, ал мұндай жағдайда мемлекеттің функциясы тек қанау болып табылады. Қазіргі заманның көптеген ғалымдарының түсінігі бойынша мемлекеттің мұндай анықтамасы кездейсоқ, ол кейбір әлеуметтік-мәдени жағдайларда ғана өзекті болып табылады. Бұл орайда мемлекеттің осындай жағдайын (саяси аумағын) патология ретінде анықтайтын П.Бурдьё сөзімен келіспеуге болмайды [3].

Мемлекетті түсінудегі қазіргі заманғы әлеуметтік талдаулар мәдени қауымдастық шеңберіндегі басқа институттардың арасындағы тек бір институты болып табылатындығын дәлелдейді. Мемлекеттің функциясын қызмет ету рөліне теңестіретін осы инструменталды әдіс, бірінші кезекте, мемлекеттің әлеуметтік бақылау қызметін атқаруды, жүзеге асыруды білдіреді. Мемлекетті осылай түсіну азаматтық қоғам тұжырымдамасымен тығыз байланысты, дегенмен оны толықтай жоймайды.

Саяси ойлар тарихы азаматтық қоғам туралы түсініктерді талқылаумен бай болып табылады. «Азаматтық қоғам» ұғымы – Аристотель, Ш.Л. Монтескье, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Ж.-Ж. Руссо, И. Кант, Г. Гегель, А. Грамши, Н. Бердяев және де т.б. ғалымдарға тән болатын, саясаттану ғылымындағы кең таралған категориялардың бірі болып табылады.

Ең алғаш «азамат» терминін Аристотель пай-

даланды. Дегенмен, зерттеу объектісі ретінде азаматтық қоғам мен азамат термині XVII-XVIII ғасырларда пайда болды. XVIII ғасырлардың соңына дейін азаматтық қоғам ұғымы, негізінен мемлекеттің, саяси қауымдастықтың синонимі ретінде пайдаланылды. Бұл тұжырымдама оның классикалық сипатын білдіреді.

Азаматтық қоғам – Цицеронның аудармасында «*societas civilis*», ал Аристотельдің түсінігінде «*koionia politike*» білдіреді. Ол өзінің шығу тегі бойынша ежелгі полис ұғымымен сәйкес келеді. Гректер үшін полис – бұл жақсы қоғамдық өмірдің жалғыз жеткілікті дамыған, еркін азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін жүзеге асыра алу облысы. Аристотельге сәйкес, азаматтық қоғам дегеніміз саяси азаматтардың қауымдастығын білдіреді, ал полис – сол азаматтардың саяси қатынасын меңзейді. Аристотель азаматтық қоғамды полистен бөлек қарастырады, себебі саяси қатынас деп азаматтардың экономикалық, әлеуметтік, діни және басқа да өмір салаларындағы өзара әрекетін білдіреді. Оның бәріне әйгілі «Адам – саяси жануар» деген афоризмінің дүниеге келуі де бекер емес. Осылайша, Аристотельдің көзқарастарын зерттей отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: полис пен азаматтық жағдайдың бөлшектенбеуі, шынайылық пен идеялық арасындағы айырмашылықтың жоқтығы мемлекет пен саяси жануар ретіндегі адамның өмір сүруіндегі ажырамас бөлігі болып табылады.

Азаматтық қоғам мен мемлекетті бөлмей қарастыратын ежелгі ойшылдардан кейін Жаңа заман саяси ойшылдары бір қауымдастықтағы орын алатын қарым-қатынасты екі түрге бөле бастады: мемлекеттік және мемлекеттік емес, саяси және саяси емес. Сәйкесінше, кейбір ойшылдар (Т. Гоббс, Г. Гегель) қатынастың көбіне мемлекеттік, саяси түрлеріне назар аударса, басқа ғалымдар (Ж.-Ж. Руссо, Д. Дидро) мемлекеттік емес, саяси емес қатынастарға аса назар аударады. Олар азаматтық қоғам деп еркін, өзіндік, мемлекеттік бақылаудан тыс орын алатын қоғам өмірін, қоғамның саяси өмірінен алшақ саласын түсінеді.

Осы қарастырылып отырған мәселелерге деген көзқарастардың әр алуандығына қарамастан, көзқарастарды біріктіретін ортақ нәрсенің бар екенін ескеру қажет. Бұл құбылыстың «өркениетті емес» түсінігіне қарама-қарсы қоюы. Яғни, заң емес деспоттық бұйрықтар беру арқылы билігін жүзеге асырып отырған басқару жүйесінің «табиғи» күйіне қарсы болуы. Мұндай көзқарас

түбінде, ақыр соңында дамыған, «өркениетті» қоғамды дүниеге әкелетін дамуды білдіреді.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап азаматтық қоғам мен мемлекет арасында теңдіктің тарихи белгісі қойылмады. «Локк пен Пейн, Фергюсон мен Смит өздерінің еңбектерінде қоғам саласы мен мемлекет саласы арасында айырмашылықтарды белгіледі. Осы ойшылдар әдетінше, азаматтық қоғамды оның классикалық сипатында түсініп, қолданғанымен, осы түсінікке жаңа сипаттама мен мән беретін бірнеше көрсеткіштерді белгіледі», – деп жазады Дж. Кейн [4].

К.Маркс пен Ф.Энгельс азаматтық қоғам деп буржуазиялық қоғамды түсінеді. Сондықтан да кеңестік ғылымда «азаматтық қоғам» категориясы қоғамдық процестерді түсіндіру құралы ретінде мүлдем ұзақ уақыт бойы қолданылмады.

Азаматтық қоғам – бұл саяси емес қатынастарды біріктіретін, саяси биліктен тыс дүниеде пайда болатын қоғам бөлігі. Яғни, адамдардың түрлі құндылықтарын, мүдделері мен қажеттіліктерін білдіретін мемлекеттік емес қоғамдық қатынастар мен институттардың жиынтығы. Венгер философы, саясаттанушы Андраш Арато мен Колумбия университетінің саясаттану кафедрасының профессоры Дж. Коэн өздерінің «Азаматтық қоғам мен өтпелі кезең авторитаризмнен демократияға» атты ұжымдық еңбегінде былай деп жазады: «Барлығы азаматтық қоғамның мемлекеттен тыс басқа салаға жататынын және мемлекетке қарсы болуын мойындайды. Түрлі көзқарастарда – жиі жүйелі емес – құқықтық қорғану, еркін ұйымдасу мен түрлі комбинациялардағы тәуелсіз қоғамдық ой-пікірлер орын алады. Аз адамдар тобы осы жоғарыда аталған көрсеткіштерге отбасы мен формальды емес топтарды қосады. Ал кейбіреулері азаматтық қоғамды қалыптасқан қоғамдық қозғалыстармен ұқсастырады, басқалары астарында саясиландырудың мұндай мүмкіндігінің болуын түсініп, жоққа шығарады» [4].

А. Арато мен Дж. Коэннің пікірінше, азаматтық қоғам демократиялық күштер өздерін енді танып отырған жағдайда, авторитарлы жүйелердің ішінде негізгі түсінік ретінде орын алады. Авторитарлы тәртіптің демократиялық тәртіпке трансформациялануы жеке және топтық құқықтардың қалыптасуы мен кеңеюінен басталады. Бұл азаматтық қоғамның демократияға өту барысындағы өтпелі кезеңдегі «қайта жаңғыруын» білдіреді.

Жоғарыда көрсетіліп отырғандай, «азаматтық» термині әскери, қылмыстық, шіркеулік, экономикалық және де басқа бірегейліктерге қарама-қарсы қойылады.

Көптеген зерттеушілер осы ұғымның зерттеу пәні, ғылыми анықтамасы және оның мазмұнының жоқтығын мойындайды. Осыған орай, азаматтық қоғам ұғымының тұжырымдамасы да жоқ болып есептелінеді. Қазіргі заманның әдебиетінде, саяси теорияда азаматтық қоғамның болмауын көрсететін сипаттамаларды іздеу тек «оның мінсіз түрлерін» дүниеге әкеледі. Саяси теориядағы «азаматтық қоғам» барлық жағдайларда да эталон болып табылады («мінсіз түр»).

Қазіргі заманның В.Г. Смольков есімді Ресей саясаттанушысына сәйкес, құрылымдық қатынаста азаматтық қоғам үш негізгі саланың диалектикалық жиынтығы ретінде қабылдауға болады: экономикалық, саяси және рухани, немесе келесі құрылымдық элементтер ретінде түсінуге болады:

- аяқ астынан қалыптасқан өзін-өзі басқару негізінде пайда болатын адамдар қауымдастығы (отбасы, ассоциациялар, қоғамдық ұйымдар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, этностық, конфессиялық және т.б. ұйымдар);

- өздерінің дәстүрлері, салттары, мәдениетімен ерекшеленетін адамдардың жеке өмірі;

- еркін индивидтер мен олардың ұйымдарының мемлекеттік билік пен саясаттың тікелей қатысуынан алшақ болатын өзін-өзі басқару саласы [5].

Қоғамда топтық мүдделер мен құқықтарды қорғауға бағытталған саяси партиялар, конфессиялар, кәсіподақтардың және т.б. іс-әрекетінде көрініс табатын азаматтық мотивтердің біртіндеп жиналуы азаматтық қоғам сияқты қоғамдық біртұтастықты құрады. Ол адамның өзіндік табиғи, ажырамас құқықтарын тарихи түрде қорғай алатын немесе қорғай алған адамдар одағын білдіреді. Оның қажеттіліктері тұлға мен азамат ретінде адамның ажырамас құқығының, еркіндігінің дамуына тәуелді болады; мемлекеттік билік құрылымдарына өте отырып, осы қажеттіліктер демократиялық мемлекеттің мәні болып табылатын тұлғаның мемлекетке қарағанда басымдығын жүзеге асыратын легитимді, құқықты заңдарға трансформацияланады. Қоғам түрлі қоғамдық мүдделерді тасымалдаушылар мен саяси көшбасшылар арқылы өзін мемлекеттік деңгейде қорғай алады. Бұл

қорғаныш мемлекеттік биліктің құқықтық мемлекет сияқты белгілі бір құрылымдарының құрылуымен жүзеге асады.

Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынас диалектикасы мынадай: азаматтық қоғам мемлекетпен түсіндіріліп, анықталмайды, керісінше, мемлекет азаматтық қоғам арқылы түсіндіріліп, анықталады. Бұл өз кезегінде қоғамның автономдылығымен сипатталады. Қоғамның автономдылығы ішкі және сыртқы себептермен пайда болатын өзін-өзі қалыптастыратын іс-әрекетте көрініс табады.

Осыдан шығатын қорытынды – азаматтық қоғам адамнан бастау алады. Тұлғаға өзінің түрлі мүдделерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Бұл азаматтық қоғамның басты көрсеткіші болып табылады. Онда адам мемлекет үшін емес, керісінше, мемлекет адам үшін өмір сүреді. А. Токвиль кезінде «үкіметтің негізгі міндеті бұл – халық үкіметсіз өмір сүре алу жолдарын, мүмкіндігін іздестіру» деп айтып кеткен болатын.

Азаматтық қоғамда адам мемлекетпен жалғыз қалмайды, керісінше, көптеген түрлі әлеуметтік қатынастарға енеді. Онда өзін тұлға ретінде сезінеді және әлеуметтік қорғаныста болады. Сонымен қатар, мұнда тұлға билікті тым асыруға немесе адамның еркіндігін шектеуге жол бермейтін өзінің мүдделерін түрлі референтті топтарда жүзеге асыра алады. Азаматтық қоғамы қалыптаспаған елдерде барлық мәселелерді (азаматтар іс-әрекеттерін регламентациялау, шектеу немесе рұқсат беру) мемлекет шешеді, осының нәтижесінде адамдар үнемі мемлекетпен қатынасуы тиіс.

Дегенмен, азаматтық қоғам мен мемлекет арасында айырмашылықты тым өсіруге болмайды. Бірі екіншісіз өмір сүре алмайды. Сонымен қатар, олар бірін бірі толықтырып отырады, сондықтан да толықтыру принципін мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынасты сипаттауда ескеру қажет. Олардың қарым-қатынас мөлшері төмен, орта және тиімді болады. Мысалы, егер де шіркеу билікпен, мемлекетпен жақындасатын болса, онда ол азаматтық қоғамның бір бөлігі болудан қалады және зайырлы мемлекетке қарағанда қатаң жұмыс істейтін мемлекетпен бірге адамның үстінен қарайтын институтқа айналады. Бұл құбылысқа мысал ретінде тарихтағы ортағасырлы теократиялық монархиялар мен өркениеттер, саяси тәжірибедегі Қиыр Шығыстағы қазіргі кезеңдегі ислам

фундаментализмді атап айтса болады. Осы орайда дінді халық адамгершілігін қолдауға мүмкіндік беретін мәдениет тарихындағы этиканың көрінісі ретінде және т.б. қарастыруға болмайды.

Демократиялық мемлекеттерде адам өзінің сенімін немесе сенбеушілігін анықтайды. Пікір, ой еркіндігі – әрбір азаматтық қоғам субъектісінің құқығы. Намыс еркіндігі осы үшін де өмір сүреді. Сонымен қатар, басқа да шіркеу сияқты азаматтық институттардың өзінің ой, пікір білдіру еркіндігі, құқығы болады. Азаматтық қоғамның пайда болуына адам құқықтарының өзі себеп болады.

Бәріне мәлім, азаматтық қоғам өзін-өзі ұйымдастырушы және өзін-өзі дамытушы жүйе болып табылады. Сонымен қатар, бұл жүйеге жағымды жағдайлар орнағанда ғана жүйенің жұмысы тиімді болады. Белгілі-бір деңгейде ол жағдайларды қоғам мемлекет көмегімен өзі жасайды немесе мемлекеттің көмегінен, оған қарсы қалыптастырады:

1. Мемлекет арқылы – қажетті заңдарды қабылдау, демократиялық мемлекеттік құрылымдарды қалыптастыру, жалпы ортақ демократиялық нормалар мен процедуралардың қатаң сақталуы.

2. Мемлекеттің көмегінен, оған қарсы – Конституция шеңберінде мемлекетке қарсы тәуелсіз ассоциациялар мен БАҚ, оппозициялық бұқара қоғамдық демократиялық қозғалыстар іспеттес ұйымдарды құру.

Белсенді әрі маңызды саяси үрдістер мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара әрекет ету саласында жүзеге асады. В.Г. Смольковтың пікірінше, дәл осында саяси даму орталығы орын алады. Біз бұл пікірмен толық келісеміз. Сонымен қатар осы жағдайда мемлекеттің түрі, саяси билік және оның формасы анықталады. Азаматтық қоғамның мемлекетпен өзара әрекетіндегі пайда болған ерекше қатынастар сол қатынастардың жоғарғы деңгейге ие болғандығын білдіреді [6].

Дамыған және тәуелсіз азаматтық қоғам мемлекеттік институттар жүйесі мен тиімді нарықты экономикамен қатар демократиялық қоғамның өмір сүруінің мемлекеттік қажетті шарты болып табылады. «Демократия, – профессор Ю. Красиннің айтуынша, – түбінде саясаттың принциптері мен нормалары, сонымен қатар лозунгтері болып табылмайды. Ол ауада ілініп тұратын институттар, қарым-қатынастар, мәдениетте көрініс таппайды, демократияның түп тамыры азаматтық қоғам атты негізде жатады...

Барлық тарихи тәжірибе келесіні дәлелдейді: демократияның даму деңгейі елдегі азаматтық қоғам даму деңгейіне тәуелді, ал демократиялық процестің тұрақтылығы азаматтық қоғамның қажеттіліктерін саяси институттар қаншалықты дәрежеде білдіруіне, сол процеске қаншалықты деңгейде өз кезегінде жауап беруіне байланысты болады... Елдегі демократия тағдыры соңғы нәтижеде жетік дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуымен анықталады. Бұл – демократияның төртбұрышты тасы, негізі болып табылады» [7].

Әдебиеттер

1 Общая теория государства и права / под ред. Д.А.Керимова. – Л., 1961. – С.31-32.

2 Марксистско-ленинская общая теория государства и права. Основные понятия и институты. – М., 1970. – С.216.

3 Бурдые П. Социология политики. – М., 1993. – С. 39.

4 Кумар К. Гражданское общество // Гражданское общество (Реферативный сборник). – М.: Российская Академия Управления, 1994. – С.17-34.

5 Арато А., Коэн Дж. Гражданское общество и переходный период от авторитаризма к демократии // Гражданское общество (Реферативный сборник). – М.: Российская Академия Управления, 1994. – С. 3-16. – С.13.

6 Смольков В.Г. Гражданское общество и государство // Гражданское общество. – М.: Луч, 1993. – С. 20-37.

7 Красин Ю.А. Долгий путь к демократии и гражданскому обществу // Политические исследования. – 1992.- № 5-6. – С. 97-98.

8 Исследование аспектов формирования гражданской идентичности этносов Казахстана. – Алматы, 2009. – 223 с.

9 Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Послание Президента Н.А. Назарбаева к народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. – Астана, 1 марта 2006 года. – С. 20.

10 Большой энциклопедический словарь. – М.: Науч. изд-во «Большая Российская энциклопедия». – СПб.: Норинт, 2004. – С. 434.

11 Новая философская энциклопедия: В 4-х тт. – Т. 2. – М.: Мысль, 2001. – С. 78-79.

12 Хоруженко К.М. Культурология. Энци-

клопедический словарь. – Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1997. – С. 160-161.

13 Казахская политологическая энциклопедия. – Алматы, 1998. – С. 114-115.

14 Лекторский В.А. Личная и коллективная идентичность в современном обществе // Проблема идентичности в трансформирующемся российском обществе и школа. – М.: ИНПО, 2008. – С. 11.

15 Политология: Энциклопедический словарь. – М., 1993. – С. 75.

16 Желтов В.В., Желтов М.В. Политическая социология: Учебное пособие. – Кемерово, 2006. – С. 622.

17 Даниленко В.И. Современный политологический словарь. – М.: Изд-во Nota Bene, 2000. – С. 1024.

18 Становление институтов гражданского общества: Россия и международный опыт // Материалы международного симпозиума. 31 марта – 1 апреля 1995 г. – М., 1995. – С. 210.

Э.Б. Асылтаева

Гражданская идентичность как основа стабильности государства

В данной статье рассматриваются основные проблемы и место гражданской идентичности в становлении стабильного государства. Автор утверждает, что гражданская идентичность является основой формирования и развития гражданского общества как залога демократии. Высокоразвитое и независимое гражданское общество является залогом и необходимым стержнем системы государственных институтов и эффективной рыночной экономики. Для возникновения гражданского общества необходимо наличие прав индивидов. Отсюда следует, что источником гражданского общества является сам человек. Личности предоставляется возможность реализовать свои интересы. Это, в свою очередь, является основным показателем гражданского общества. В таком обществе человек живет не ради государства, а государство существует ради гражданина.

E.B. Assyltaeva

Civil Identity as a Basis of Stability of the State

This article discusses the main issues of civic identity and place in the formation of a stable state. The author argues that the civic identity is the basis for the formation and development of civil society as a guarantee of democracy. Highly developed and independent civil society is a good and necessary to the core of the system of public institutions and effective market economy. For the emergence of civil society must have the rights of individuals. This implies that the source of civil society is man himself. Personality of the opportunity to realize their interests. This in turn is a key indicator of civil society. In such a society a person lives, not for the state, a state exists for the sake of the citizen.